




№79 негізгі мектебі КММ
мекемесінің
директоры С.М.Әбікенова

Келісемін 
Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы Ғ.Ө.Бекжанов

Келісемін 
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары К.Ж.Нақыпова

**№79 негізгі мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылында мектеп
оқушыларының «Мектептің ішкі тәртіп ережелері, оқушылардың
құқықтары мен міндеттері»**

Оқушы ережесі

1. Оқушы сабаққа келгенде қажетті кітап, дәптер, жазу сызу құралдарымен келуі керек. Әр сабақтың алдында сол сабаққа қажетті оқу құрал - жабдықтарын дайындап қоюға тиісті.
 2. Мектеп оқушылары бір ауысымда оқытылады
1-9 сыныптар үшін сағат 8⁰⁰-де, МАД тобы үшін сағат 8³⁰-да
 3. Сабақ кезінде мұғалімнің айтқандарын тиянақты тыңдап, жазып отыру керек. Үй тапсырмасын күнделікке мұқият жазып алу керек, аптаның соңында мұғалім күнделікті тексеріп, ата ананың қолын қойдыруды талап етеді.
 4. Мектеп оқушыларына тыйым салынады:
 - өзімен бірге сабаққа кедергі жасайтын заттарды, басылымдарды, ойын заттарын әкелуге;
 - бөтен нәрселер әкеліп сатуға, айырбастауға;
 - сабақта, үзіліс кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзуға;
 5. Оқушылар бір - бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым қатынаста болу керек. Жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс.
 6. Бір - бірімен сөйлескенде бұзақы, бейбастық сөздерді қолданбай, тіл мәдениетін сақтап сөйлесуі керек;
 7. Оқушылар себепсіз сабақ босатпауы тиіс, босатқан күнде себебін мұғалімге жеткізуі керек;
 8. Ауру себепті немесе басқа да себепті жағдайлармен сабақтан қалғанда, оқымай қалған сабақтарын мұғалімнің көмегімен оқып түсінуі қажет;
 9. Оқушылардың білімі мен тәрбиесі үшін жасалған мектептің барлық талаптарын оқушылар міндетті түрде орындауға тиісті;
 10. Оқушылар мектептің ішкі сыртқы тазалығын сақтауға, кезекші оқушылардың талаптарын орындауға міндетті;
 11. Каникул күндерінің алдында, соңында оқушылар сабақтан қалмауға, уақытында сабаққа келуге тиісті;
- Осы Ереже барлық оқушылар үшін бірыңғай міндетті.

Мектеп оқушыларының ережелері

Мектепте оқу – тәрбие үрдісінде жағымды жағдай жасау, мектеп маңы мен мектеп өмірінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, адами құндылықтарды сыйлауға, қоғамда өздерін таныта білуге дағдыландыратын мектеп оқушыларының тәртіп

Е Р Е Ж Е Л Е Р І

1. Жалпы ереже

1.1. Мектепте оқушылар өзара және үлкендер арасында рухани – адамгершілік нормаларын сақтайды. Адал әрі өзінің және өзгенің ар-ождан қағидаларын биік ұстайды.

1.2 Оқушылар: Оқушы мектепке мектеп үлгісімен (қыз балаларға күнделікті сабаққа киетін ақ жейде (кофта), кара көк тізеден төмен белдемше (юбка), кара көк желет, кара көк түсті галстук); (ер балаларға күнделікті сабаққа киетін ақ жейде, кара көк түсті тобықтан төмен шалбар, кара көк желет, кара көк түсті галстук);

- Үлкендерге құрметпен карауға;

- Көмек керек кезінде кішілерге, мүгедек-кемтарларға көмек көрсетуге;

- Мектеп мүлкін өз мүлкіндей сақтап, күтуге, басқа да адамдар мен қоғамдық меншіктерді көздің карашығындай сақтауға;

- Мұғалімдердің және басқа да мектеп қызметкерлерінің айтқанын бұлжытпай орындауға; ынталы оқуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге және білімді табандылықпен меңгеруге;

- Сабақтан қалмауға, сабаққа және басқа да іс-шараларға кешікпей, уақтылы келуге;

- Мектеп ережелерімен талаптарын (мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, сынып жетекшілері мен оқушылар ұйымының) орындауға;

- Мектептің қоғамдық және мәдени өміріне белсене қатысуға;

- Өзінің мәдени деңгейін әрқашан көтеріп отыруға, өз бойында жақсы эстетикалық талғам мен әдептерді қалыптастыруға;

- Жаман әдеттерден: темекі шегу, жаман сөз айту, қыдыру, салақтық т.б. аулақ болуға, оны болдырмауға; жеке бас гигиенасын сақтауға, денесін шынықтыруға, мектепте және басқа да қоғамдық орындарда тәртіп пен тазалықты сақтауға;

- Ұжымда достық қарым-қатынас орнатуға, бірін-бірі құрметтеуге, бір-бірінің абыройы мен намысын қорғауға; табиғатқа (өсімдік, жан-жануар т.б.) нұқсан келтірмей, қамқор болуға

М І Н Д Е Т Т І

1.3. Оқушылар мұғалімдерді, өзінен жасы үлкен адамдарды «Сіз» деп атайды

1.4. Оқушылар үлкенге жол береді. Жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларына, ер балалар қыз балаларға жол берулері тиіс

1.5. Өзара түсініспеушілік жағдай болғанда ешқашан күш қолдануға, лас сөздермен балағаттауға болмайды.

1.6. Оқушыларға: Сабақ уақытында мектептен және мектеп маңынан мұғалімдердің, мектеп әкімшілік мүшелерінің, сынып жетекшілерінің рұқсатынсыз кетуге;

- Сыныптан тыс және спорттық, мәдени көпшілік іс-шараларды өз бетінше тастап кетуге; Мектепке және мектеп маңына сонымен бірге улы және токсиндік заттар әкелуге; мектеп маңы мен мектепте шылым шегуге; ластамауға;

- мектепке бөгде адамдарға кіруге;

ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

1.7. Мектеп оқушыларының

Терезе алдында, жәшіктерге (шкафтарға) және басқа заттарға, шатырға мінуі;

Электр жүйелерін, қосып-айыратын нүктелі жәшіктерді ашуы;

Мектеп мүлкінің, басқыш сатының ұшты бұрыштарына отыруы, асылып тұруы, басқаларды итеруі; Шаруашылық заттар қоймасына кіруі; өмірі мен денсаулығына қауіпті болғандықтан қатаң тыйым салынады.

2. Мектепке сабақ басталғанға дейін

2.1. Оқушылар мектепте сабақтың басталуына 15 минут қалғанда мектеп үлгісінде таза, ұқыпты киініп келеді. Төменгі сынып оқушылары сабақтың басталуына 15 минут қалғанда келеді.

2.2. Мектепке кіргеннен соң сырт киімдерін шешіп, шаштарын, киімдерін ретке келтіріп, сынып бөлмесіне барады. Сабаққа керек оқу-құралдарын парта үстіне шығарып, дайын отырады.

3. Сабақ үстінде

3.1. Сынып бөлмесіне мұғалім кіргенде оқушылар орнынан тұрады. Сәлемдескеннен кейін мұғалімнің рұқсатымен орындарына отырады. Сонымен қатар сабақ үстінде сынып бөлмесіне кірген жасы үлкен адамға оқушылар орнынан тұрып сәлемдеседі. Мұғалім немесе басқа да жасы үлкен адам сынып бөлмесінен шыққанда да оқушылар орнынан тұрады.

3.2. Сабақ үстінде сабақтың тәртіп ережелерін сол сабақтың пән мұғалімі белгілейді.

3.3. Сабақ үстінде шулауға, өз бетінше қозғалуға, басқа оқушыларды алаңдатуға, әңгіме айтуға, сабаққа қатысы жоқ басқа іс-әрекеттермен шұғылдануға, ойын ойнауға болмайды.

3.4. Қоңырау-мұғалімге сабақтың біткендігін хабарлайтын құрал. Қоңырау сабақ уақытын дәл есептейді.

3.5. Егер оқушы денсаулығына байланысты сабақтан қалса, сынып жетекшісіне дәрігерлік анықтама немесе өте қиын жағдайда ата-анадан мәлімдеме қағаз әкеледі. Сабақтан дәлелсіз қалуға, сабаққа кешігуге болмайды.

4. Үзілісте және сабақ аяқталғаннан кейін

4.1. Үзілісте оқушылар өздерінің отыратын, жұмыс істейтін орындарын ретке келтіруге: сынып бөлмесінен шығуға; кезекші мұғалім мен кезекші оқушылардың және мектеп қызметкерлерінің талаптарын орындауға

МІНДЕТТІ

4.2. Үзілісте

- баскыш сатымен және дәлізде, сынып бөлмесінде жүгіруге, ойнауға;
- бір-бірімен алысуға, әр түрлі заттарды лақтыруға, дене күшін қолдануға;
- айкайлауға, лас сөздер айтуға, шулауға, басқа оқушылар мен мұғалімдердің демалуына кедергі келтіруге болмайды.

4.3. Асханада оқушылар

- ыстық және сұйық тағамдарды тұтыну кезінде сақтық пен абайлаушылықты басты назарда ұстайды.
- Асханада дайындалған және үйден әкелінген барлық тағамдар мен шырындарды тек асханада ғана ішеді;
- Аспазшылар мен мұғалімдер қойған талаптарға бағынады;
- Тамақтану кезінде бір-бірімен сөйлеспейді, әңгімелеспейді;
- Тамақтанып болғаннан кейін үстел үстін жиыстырады.

Қорытынды ереже

6.1. Көрсетілген ережелер мен мектеп Жарғысын бұзған жағдайда оқушыларға мектеп Жарғысында қаралған тәртіп ережелерін үйрететін іс-шаралар өткізіледі.

6.2. Осы ережелер мектепте өткізілетін барлық іс-шараларда жүзеге асырылады.

Ата- ананың міндеттері:

Өз балаңызға кішкене күнінен бастап әр адамның өмірінде отбасының маңызылығын, отбасының — кез-келген жағдайда келуге болатын орын екенін: бұл жерде сені түсінетінін және қолдайтынын, жасаған қателіктеріңді жөндеуге және болашақта қателікке ұрынбауға көмектесетінін түсіндіріңіз.

- Жұмыс аса қауырт болған күннің өзінде, күн сайын балаңызбен және ата-анаңызбен сырласыңыз, оларға махаббатыңызды сездіру үшін уақыт табу қажет екенін ұмытпаңыз;
- Баланың қызығушылықтары мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, онымен ортақ демалыс ұйымдастыра біліңіз;
- Жалпыұлттық, сонымен қатар, отбасыишілік отбасылық дәстүрлерді сыйлаңыз және қолдаңыз.

Балаңыз үшін дос, кеңесші, қорған болыңыз!

Барлық ата-аналардың өз балаларын отбасылық құндылықтар, сүйіспеншілікте өмір сүру, өзара түсіністік пен өзара қолдау рухында тәрбиелеу секілді аса маңызды міндетін түсіну:

Ата-ананың беделі;

Ата-ана беделін нығайту үшін, баламен қарым-қатынаста мынадай ережелерді ұстануға кеңес береміз:

Балаңызбен тең серіктес құқығында сөйлесіңіз және айналадағылармен сөйлесу, өзара қарым-қатынас жасау және өзін ұстау үлгісін көрсетіңіз.

- Баламен отбасының барлық мүшелерінің сөйлесуінің бірыңғай тактикасын жасаңыз.
- Өз көзқарастарыңыздың қайшылықтары жөнінде баланың көзінше дауласуға болмайды. **Барлық келіспеушіліктер сыртта қалуы керек.**
- Өз пікіріңізді білдіріңіз, бірақ қандай да бір проблема жөнінде өз көзқарасыңызды балаға таңбаңыз.
- Ұмытпаңыз: бала өмірге деген өз көзқарасын қалыптастырады, ол Сіздікінен басқаша болуы мүмкін.
- Балаға өз пікірін білдіру үшін жеткілікті уақыт беріңіз. Оның вербалды белсенділігіне ерік беріңіз.
- Баланың табысты оқуы көп жағдайда отбасы мен мектептің тиімді ынтымақтастығына байланысты болады, сондықтан кез келген сәтте өз істеріңізді тастап баламен айналысуға дайын болыңыз.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобаларға оқушылар қатысуға міндетті

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы;
- ✓ «Жасыл мектеп» жобасы;
- ✓ «Адал ұрпақ» клубы;
- ✓ «Жас құтқарушы» клубы;
- ✓ «Өрт қауіпсіздігі»;
- ✓ «Пәндік үйірмелер»;